



ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ БІЛІМ САЛАСЫ БОЙЫНША АЛДЫН АЛА ІРІКТЕУДЕН ӨТУ ЕРЕЖЕЛЕРІ

ДОКТОРАНТУРА ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫНА ТҮСКІСІ КЕЛЕТІН ҮМІТКЕРЛЕГЕ!

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығы Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларына сәйкес С.Ж.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медициналық университетінде алдын ала іріктеуден өту кезеңі басталғанын хабарлайды.

Алдын ала іріктеу «Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамсыздандыру (медицина)» білім беру саласындағы білім беру бағдарламалары бойынша докторантураға түсудің міндетті кезеңі болып табылады.

Алдын ала іріктеу түсу емтихандары басталғанға дейін, **2023 жылдың 1 ақпанынан 31 мамырға** дейін келесі оқу бағдарламалары бойынша жүргізіледі:

- «Медицина»;
- «Қоғамдық денсаулық сақтау»;
- «Фармация»;
- «Мейірбике ғылымы».

Құжаттар қағаз форматында файлды папкамен 31.05.2023 жылға дейін
Алматы қ., М.Маметова көшесі, 3 үй, 2 қабат, 9, 14 ауд.

Сұрақтар бойынша мына телефондар арқылы хабарласуға болады:
8(727) 338-70-30 (ішкі 7271, 7268); 8 7758823125, 8 7002669117



Алдын ала іріктеуден өту үшін қажетті құжаттар тізімі:

1. Ұйым басшысының атына өтініш (**1-қосымша**).
2. Жеке куәлік (көшірме).
3. Жоғары/жоғары оқу орнынан кейінгі білімі туралы құжаттардың көшірмесі (өткен жылдар түлектері үшін).
4. Оқу орнынан анықтама (жоғары оқу орнының соңғы курсында білім алушылар үшін).
5. Түйіндеме (жеке деректер, жұмыс тәжірибесі, білімі, дағдылары, аяқталған курстар, семинарлар, жобаларға қатысу, шет тілдерін білу).
6. Соңғы оқу/жұмыс орнынан мінездеме.
7. Ғылыми кеңесшінің ұсыныс хаты.
8. ҚазҰМУ ғылым және инновация бөлімімен расталған соңғы 3 жылдағы ғылыми және ғылыми-әдістемелік жұмыстардың (ғылыми жарияланымдар, зерттеу жоспары, эсселер және басқа құжаттар) тізбесі (**2-қосымша**).
9. Ғылыми конференцияларға қатысқаны туралы сертификаттар.
10. Қазақ /орыс тіліндегі диссертациялық зерттеу аңдатпасы (**3-қосымша**).
11. Мотивациялық эссе.
12. Шет тілін маңгерудің жалпыеуропалық құзыреттілікке (стандарттарына) сәйкес шет тілін меңгергендігін растайтын халықаралық сертификаттарды ұсынады (бар болса):

ағылшын тілі: IELTS Academic (International English Language Testing System Academic), шекті балл кемінде – 5,5;

TOEFL IBT (Test of English as a Foreign Language Internet-based test), шекті балл кемінде – 46;

TOEFL PBT (Test of English as a Foreign Language Paper-based test), шекті балл кемінде – 453;

TOEFL ITP (Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Programm), шекті балл – кемінде 460;

неміс тілі: Deutsche Sprachpruefung fuer den Hochschulzugang (DSH, Niveau B2/B2 деңгейі), TestDaF-Pruefung (Niveau B2/B2 деңгейі);

француз тілі: TFI (Test de Franzais International™) – оқу және тыңдау секциялары бойынша B2 деңгейінен төмен емес), DELF (Diplome d'Etudes en Langue franzaise) – B2 деңгейі, DALF (Diplome Approfondi de Langue franzaise) – B2 деңгейі, TCF (Test de connaissance du franzaais), шекті балл кемінде – 50;

TOEFL ITP (Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Programm) сертификаты бар тұлғалар докторантураға түсу емтиханы басталғанға дейін ағылшын тілін білуге арналған қосымша тестілеуді тапсырады.



**«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ
НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»**

Магистратура және PhD докторантура бөлімі
Отдел магистратуры и PhD докторантуры

Редакция: 1

Страница 3 из 1

13. Жұмыс орны бойынша кадр қызметімен куәландырылған кадрлық есеп бойынша жеке парағы немесе еңбек қызметін растайтын басқа құжат.